

Құқық негіздері пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы

Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін құқық негіздерінен білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны: Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес құқық негіздері бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Мемлекет және құқық	01	Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар. Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде
		02	Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы
		03	Адам құқықтары түсінігі. Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау
		04	Сот төрелігінің принциптері. Сот жүйесі. Құқық қорғау органдары
02	Жария құқық	05	Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі. Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау
		06	Әкімшілік құқық жүйесі. Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері
		07	Экологиялық құқық негіздері. Жер құқығы негіздері
		08	Қылмыстық құқық жүйесі. Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері
		09	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік
03	Жеке құқық	10	Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары. Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері
		11	Тұтынушылар құқығы туралы заңнама. Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы. Авторлық құқық негіздері
		12	Отбасы құқығы жүйесі. Отбасы құқығының институттары
		13	Еңбек құқығы жүйесі. Еңбек құқығының базалық нормалары
04	Іс жүргізу құқығының негіздері	14	Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері. Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары
		15	Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері. Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары
		16	Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері. Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары
05	Халықаралық құқық	17	Халықаралық жария құқығы. Қазақстан Республикасы – халықаралық құқық субъектісі
		18	Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы
06	Құқық бойынша контекстік тапсырмалар	19	Мемлекет және құқық. Жария құқық. Жеке құқық. Іс жүргізу құқығының негіздері. Халықаралық құқық

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір

нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест құқық негіздері пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары бар.
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 70 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».